

Бұл дегеніміз жаңа заманның талабы. Мысалы: шебер оюшы бір ғана қошқар мүйізді дамыту арқылы мыңдаған ою-өрнек шығаруына негіз бар.

Ою-өрнек өнерін білу - елдің өрнек тілімен жазылған мәдени шежіресін білу деген сөз. Бірақ мұсылмандық дінде шариғат адамды, жан-жануарды, жалпы тіршілік иелерін бейнелеуге тиым салды. Сондықтан өнер иелері ою-өрнекті сызба кескіндермен шебер бейнелеуге талпынған.

Болашақ ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып, қол өнер, архитектура және өндіріс салаларына ендіріп қана қоймай, осы өнерді қайта жаңғыртып халық жадында сақтау біздің мақсатымыз. Қазіргі таңда халқымыздың қол өнерін насихаттау, дамыту, оның озық үлгілерін, әдіс-тәсілдерін, игеру, бір сөзбен айтқанда оны сақтап халық игілігіне жаратуға қатысты тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қасиманов Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969.
2. Р.Н.Шойбеков Қазақтың зергерлік өнерінің лексикасы. А., 1993.
3. Д.Досжанов. Жібек жолы. А., 1973.
4. Қ.С.Э. 6 том, 370-бет.
5. К. Ыбраев. Казахский орнамент. А., 1994.
6. Ө.Жәнібеков. Жолайырықта. А., 1995.
7. М.Ш. Өмірбекова. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. А., 2004.

АҒАШ БҰЙЫМДАРЫН ӨНДЕУ ЖӘНЕ АҒАШТАН ЖАСАЛҒАН АСТАУЛАР

Ахмет М.А.

«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы» РМҚК Этнография бөлімінің ғылыми қызметкері, Шәуілдір селосы, Түркістан облысы, Қазақстан.

Резюме

Астау — деревянная казахская посуда предназначенная для посуды. В Оtrarском государственном археологическом музее хранятся по сей день разные виды данной деревянной посуды. Сделанные в начале XIX и даже XXI века.

Summary

Astau is a village Kazakh dishes intended for dishes. In the Otrar State Archaeological Museum, various types of wooden utensils are still kept. Made at the beginning of the XIX and even XXI centuries.

Табиғат нысандарының бірі — ағаш адамзат тіршілігіндегі белгілі бір орын алатын болғандықтан ағаш шеберлерінің өнері де өте жоғары бағаланды. Шеберлердің қолынан шыққан бұйымдары әр заманның өмір салтына, тұрмыс - тіршілігіне байланысты болды. Ағаш ою өнері - қолөнерінің өте ежелден келе жатқан түрлерінің бірі. Қазақстан аумағынан табылған көптеген археологиялық қазбалардан ағаш өнер түрінің шығу тарихының ерте кезден бастау алғандығын байқауға болады. Ағаштан бұйымдар дайындаудың технологиялық тәсілдері мен ою-өрнек салудың көркем дәстүрлері еліміздің халық шеберлері шығармашылығында сақталған. Қазақтар ағаш өндеумен ежелден айналысқаны

туралы мәліметтер ортағасырлық жазбаларда сақталған. Дегенмен, ағаш өю өнері Отырар өңірінде де ертеден-ақ дәстүрлі қолөнерге айналғаны археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған ағаш тақтайлар, тарақ тәрізді заттар арқылы белгілі [1]. Ағаш бұйымдарын өңдеу, жасау, ең жиі қолданатын кәсібі ретінде ғасырдан ғасырға жетіп келе жатқан көне өнер түрі. Бұлай айтуға себеп, ертеден қарапайым қасықтан қазақтың баспанасы киіз үйіне дейін ағаштан жасалып отырған. Өйткені ағаш бұйымдар пайдалануға тиімді әрі ыңғайлы, сонымен бірге ол тұрмыстық зат ретінде және сән үшін де қолданылып, өзіндік биік өнер дәрежесіне жеткізілген. Қазақ халқының сүт, қымыз құятын шарасы, шөміш, сапты аяқ, ет тартатын астау табағы, құрт езетін астауы, тегенесі секілді барлық ыдыс-аяғы ағаштан жасалған. Сондай-ақ, қадірлі қонақтарға ұсынатын ыдыс-аяқтың жөні тіптен бөлек болған. Осы ағаштан жасалған бұйымдардың жасалу тәсілдеріне келсек, ұсталар ыдысты мықты болсын деп, қайыңның безін ойып, көлеңкеде кептіріп, содан кейін тұзды суға қайнатып алып, тағы да көлеңкеде кептіріп дегдітіп, асықпай шауып алып, ұңғып өңдеуге дайындап алады. Себебі әбден кепкен қайыңда бөтен иіс те, шайыр болмайтындықтан, оған құйылған тамақтың дәмі де бұзылмайды, әрі ыстық-суыққа төзімді болып, жарылмайды.

Негізінен, ағаш ыдыстар экологиялық жағынан да таза болып келеді. Ұстала келе қызыл қоңыр, шұбар түсті әдемі табиғи өрнегі (текстурасы) ашыла түседі. Мысалы: Ілияс Жансүгіров ақынның «Сапты аяқ» атты өлеңінде: «Қабаққа біткен қайыңның беріші еді, безі еді» деп, ыдыстың берік болуы үшін қайыңның безді берішінен жасалатындығын айқын суреттейді [2]. Сондай-ақ, ағаштың безінен жасалған ыдыс беріктігімен және қалыңдығымен, өрнекті текстурасының ерекшелігімен бағалы болған. Қазақ халқы көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқандықтан көшпелі өмір салтына байланысты ыдыс-аяқтары алғашқыда тек теріден және ағаштан жасалған. Ыдыс-аяқ – ас түрлері материалдық игіліктің бірі ретінде ертедегі көшпелілер ұғымында молшылық-тоқшылық, ырыс-берекенің көзі деп есептелінді. Дәстүрлі наным-сенім бойынша, аузы жоғары қараған іші қуыс ыдыс-аяққа тәңірі, несібе бұйыртады екен деседі [3].

Бүгінде халқымыздың мақтанышы болған, көргендердің көзінің жауын алып, таңғалдырған, адам қолынан шыққан осынау небір ғажайып туындылар ертеңгі болашақ үшін баға жетпес мұра болып саналады. Көненің көзіндей, тарихтың өзіндей болған жәдігерлерді жинақтау, жүйелеу, оларды келешек ұрпаққа аманаттау және насихаттау – музей қызметкерлерінің басты міндеті.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы қорындағы ағаштан жасалған қолөнер бұйымдарынан 500 ден астам жәдігерлер болса, соның ішінде 100 ден астамы ыдыс-аяқтар коллекциясы болып табылады. Мұражай қорындағы жәдігерлер мұражай қызметкерлерінің ұзақ уақыттар бойы жүргізген этнографиялық экспедициялары мен сол өлке тұрғындарының арнайы сыйға тартуы негізінде жинақталған. Соның – бірі мұражай қорындағы ағаштан жасалған астаулар XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың

басында қазақ арасында кеңінен тараған Қазақстанның қай өңірінде болса да ағаш шеберлерінің көптеп жасайтын ағаштан ойылып жасалатын ыдыстардың бірі. Астаудың қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде алатын орны ерекше оның шұңғылдау жасалғандарына қымыз, айран, сүт, құйса, жайпақ түрлеріне бауырсақ, құрт, құрғақ тағамдар салуға арналып жасалатын болған. Күнделікті тұрмыста қолданылатын астауларды мәнерлеп өрнектеу сирек кездеседі, тек қыздың жасауына қосатын не құрметті қонаққа арналатындары өрнектеліп, күміспен нақышталады. Қазақ халқының ағаш ыдыстарының бірден-бір айырмашылық белгісі, оның көлемді келетіндігі. Мысалы, бір қойдың еті түгел сиятын керсен сияқты ағаш ыдыстар, астаулар қазақ арасында жиі кездеседі. Мұндай астаулармен белгілі, елге сыйлы кісілердің жылдық асы берілген кезде киіз үйлерге епті жігіттер астау толы етті атпен жүріп таситын болған [4].

Ұсталар астауды жаңғақ, қарағай, қайың, қара ағаш сияқты ағаштардың жуан діңінен тұтас ойып немесе шауып жасайды. Ұзыншалау, сопақ етіп, екі жағынан ұстауға лайықталып ернеу қойып шабады. Астау сөзінің мағынасы астаудай яғни ас мол болсын деген мағынада айтылған [5]. Еліміздің барлық аумағында сопақталып шабылатын шұңғыл астаулар көптеп кездеседі. Мұражай коллекцияларында ел арасынан жиналған деректерді зерттеу негізінде астаудың бірнеше түрлерінің бар екені айғақталды.

Отырар мұражайының қорындағы әрбір жәдігерлердің тарихын білу үшін, олардың актілерінде жазылған сипаттамаларынан анықтауға болады. Мұражай қорында да әртүрлі тәсілдермен жасалған астаулардың бірнеше түрлері бар. Солардың бірі, Акт №ТК 320 көлемі 50х90 см, Отырар ауданының тұрғыны Аппарбеков Бексейіт деген кісі музей қорына өткізген. XX ғасырдың басында жасалған, қара ағаштан өте көлемді сопақша етіп, тұтастай шабылған, қолға ұстайтын тұтқасы жоқ астаудың мөлшері мен ұзындығы жағынан ерекше орын алып, музей экспозициясында құнды жәдігер ретінде көрсетіледі. Бұл астауға шағын қойдың еті бүтіндей сиятын болған. Келесі астау Акт №ТК 321 көлемі 85х42 см, астаудың жасалу тәсілі жоғарыдағыдай үлгіде жасаған, бірақ өкінішке орай бір шеті сынып мүжілген. Бұл астауды музейге Арынтай Мұсаұлы Сейітқали өткізген. Келесі астау Акт №ТК 8027 көлемі 85х41.5 см Қоғам ауылының тұрғыны Ә.Меңлібекова музейге 2003 жылы өткізген. Ернеуі сыртқа қарай қайырылып жасалған. Сондай-ақ, Шохан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Ахмет Тоқтабай мұражайға өте жақсы сақталған екі астауды сыйға тарту етіп өткізген. Біріншісі Акт №ТК 9667 нөміріндегі астаудың ұзындығы - 75,5 см, биіктігі-12,5 см, ернеуінің ені-35 см. Астау қарағайдан ағаштан тұтас сопақ пішінде ойылып шабылған. Ернеуінің жиегінде шамалы жарық сызаты түскен. Екіншісі Акт №ТК 9668 нөмірлі астаудың ұзындығы-57 см, биіктігі-10 см, ернеуінің ені-22,5 см. Қайың безінен ойылып сопақша пішінде шабылған. Екі шетінде ұстауға ыңғайлы құлақшасы бар. Өкінішке орай жоғарыда аталған ыдыстарды жасаған ағаш ұсталарының есімдері бізге белгісіз.

Мақаламызға арқау болған астаулардың алғашқы түрлерінің көлемі өте үлкен болған. Қазір осы астаудың көлемі кішірейіп, оны көркемдеп, жиегіне ою-өрнек ойылып безендіру дәстүрі қалыптасқан.

Бүгінде қолөнер шеберлерінің қолдан жасалған ұлттық ыдыс-аяқтарына қызығушылық артуда. Әсіресе, той-мерекелерде астау-табақпен ет тарту жақсы үрдіске айналды. Қазақтың етке арналған үлкен астаулары расында әсем көрінеді. Кейінгі кездері осы дәстүрді ұстанатын отбасылардың қатары көбейіп, ағаш бұйымдарды күнделікті тұрмысына қолдана бастағаны қуантады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байпақов К. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. — Алматы: Қазығұрт.
2. А. Нәлібаев «Ағаш ою» Алматы «Өнер» 1994 жыл.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5-том. — Алматы, РПҚ (Слов), 2013. — 756-б.)
4. С. Жетібаев Ж. «Қазақ Петроглифтері». Алматы 2005 ж.
5. Арғынбаев Х. «Қазақ халқының қолөнері». Алматы 1987ж.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АҒАШ ӨНДЕУ ӨНЕРІ

Ақлия Жұмашова

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің бөлім меңгерушісі.
Шәуілдір селосы, Түркістан облысы, Қазақтан.

Резюме.

В данной статье автор подробно пишет об уникальных экспонатах, которые выставлены в Оtrarском государственном археологическом музее. Рассматриваются все виды изделий из дерева: история, их создания, предназначения и т.д.

Summary.

In this article, the author writes in detail about the unique exhibits that are exhibited in the Otrar State Archaeological Museum. All types of wood products are considered: history, their creation, purpose, etc.

Қазақ халқы өз тұрмысына керек заттардың бәрін қолөнері арқылы жасады. Қазақ халқының қолөнер шеберлері өзінің тұрмыс-тіршілігін, қоршаған дүниені, әсемдікті қолөнерде көрсете білді. Халқымыздың тұрмысында күні бүгінге дейін сақталып келген тұрмыстық бұйымдар, ұлттық қолөнеріміздің озық үлгілері өте көп. Солардың бірі қазақ халқының күнделікті тұрмысқа қажетті ағаштан жасалатын бұйымдары болып табылады. Ағаш шеберлері еңбек құралдарынан бастап үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарды, музыкалық аспаптарды, киіз үйдің ағашын т.б. бұйымдарды жасап, көркемдеген. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлерді олардың өндіретін бұйымдарына орай ерші, үйші, арбашы, ұста деп даралады. Аталған бұйымдар жеңіл әрі ықшам етіп, көшпелі тұрмысқа бейімделіп жасалды.

Ағаш ою өнері Отырар өңірінде ертеден ақ дәстүрлі қолөнерге айналғаны археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған ағаш тақтайлар, тарақ тәрізді заттар арқылы белгілі. Отырар алқабындағы ескі Құрықтөбе қаласының қамалын қазып ашқанда, ортасында аумағы 157,5 шаршы метрге тең салтанат залы бар сарай кешені аршылды, ондағы табылған тақтайларды ерекше атауға